

## ТІЛДІК ҚҰРАЛДАРДЫҢ ЛИНГВОМӘДЕНИ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ ЖӘНЕ ОЛАРДЫ ОҚИТУ

Бүгінгі таңда оқу-тәрбиелік үрдісте жаңалықтардың арқасында жарқын болашаққа негізделген жаңа қадамды жалғастырудамыз. Білім мазмұнындағы бірқатар жетістіктердің формуласын ұсынған үлгілі, әрі, оқу-тәрбиелік үрдісті жан-жақты әдістермен жаңа мамандарды қаруландырып, білім беруде маңызды өзгерістерге аяқ басқанын байқаймыз.

Қазақстан Республикасында білім беру және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында «Сапалы орта білім беруге тең қол жеткізуді қамтамасыз ету, тез өзгеріп жатқан әлемнің жағдайында зияткер, дене бітімі және рухани жағынан дамыған, табысты азаматты қалыптастыру» деп атап көрсеткендей бүгінгі таңда білім беру парадигмасы «білікті адамға» бағытталған білімнен «мәдениет адамына» бағытталған білімге көшуді талап етіледі [1]. Білім беруді жаңаша ұйымдастыру — оның философиялық, психологиялық, педагогикалық негіздерін, теориясы мен тәжірибесін тереңірек қайта қарауды қажет етеді.

Жаңа оқу бағдарламасының ерекшелігі: – оның ХХІ ғасыр дағдыларын дамытуға бағытталғандығында, яғни ақпаратты іздеу, талдау және интерпретациялау дағдыларын дамыту;

- адам, табиғат және қоғам қауымдастығы туралы оқушыларды бастапқы білім қорларын қалыптастыру;

- рухани-адамгершілік құндылықтарын дамыту ана бағдарламаның мәні, баланың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру. Оқушы өзінің мектеп қабырғасында алған білімін өмірінде пайдалана білуі керек. Бұл дағдыларды қалыптастыруда ұстаздарға үлкен жауапкершілік міндеттелді. Оқушылардың бойына ХХІ ғасырда өмірдің барлық салаларында табысты болу үшін, қажетті дағдыларды дарыту үшін, мұғалімдер тынымсыз еңбектену керек. Жаңартылған білім – болашақтың кепілі.

Оқушылар мен оқытушылар арасындағы білім көпірін салатын – кітап. 11-сыныптың кітабы әртүрлі баспамен жарияланғанымен беретін қазақи тәрбиелік эстетика бәрібір де сақталған. Айталық, 11-сыныпқа арналған «Қазақ әдебиеті» оқу-әдістемелік кешеніне оқулық, электронды қосымша және хрестоматиясы кіргізілген. Оқушы қолындағы оқулығы арқылы қазақ әдебиетінің көрнекті өкілдерінің шығармаларымен қоса әлем әдебиетімен де танысады.

Пәннің мақсаты – оқушының ойын ауызша да, жазбаша да дәлелді түрде жеткізе алып, шығармаларды салыстыра отырып талдау жасауға үйрету, бағалау дағдыларын қалыптастыру арқылы креативті оқуға бағыттау болып табылады.

Пәннің міндеті – қазақ әдебиетінің құндылық ретіндегі болмысын, ұлттық мәдениеттегі маңызды орнын, мәдениетаралық қарым-қатынастағы рөлін құрметтей отырып, халықтың қалыптасқан тарихын, ондағы қарама-қайшылықтары мен қиындықтарын анықтап, өмірдегі түрлі жағдайларға бейімделе білуге және өздігінен шешім қабылдау дағдыларын қалыптастыруға, заманауи, ғылыми және қоғамдық дамуға сәйкес дүниетанымын дамытуға жетелеу.

11-сыныптың гуманитарлық бағыттағы оқулығы «Тарихтың шертіп пернесін», «Пайым мен парасат», «Ғасырлық туынды», «Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімдерінен тұрады.

«Тарихтың шертіп пернесін» бөлімі С.Сейфуллиннің «Сыр сандық» өлеңі, І.Есенберлиннің «Қаһар» романы, А.Сүлейменовтің «Бесатар» повесі туындыларын қамтиды. «Пайым мен парасат» бөлімінде Қасым Аманжоловтың «Өзім туралы өлеңі», С.Елубайдың «Жалған дүние» романы берілген. «Ғасырлық туынды» бөлімі тұтасымен М.Әуезовтің «Абай жолы» роман-эпопеясына арналған. «Әдебиеттегі сын-сарын» бөлімінде Т.Молдағалиевтің «Бауырлар» өлеңі, Т.Әсемқұловтың «Бекторының қазынасы» әңгімесі, Ә.Хемингуэйдің «Шал мен теңіз» повесі ұсынылған. Оқулықта әрбір шығармаға эпиграф берілген [2, 4]. Осы эпиграфтардың мағыналарын тақырыптармен сәйкестендіріп, идеясын, берілу мақсатын ашып, өз ойыңмен толықтырып, кері байланыс жасауды үйретеді.

Негізгі материалдармен бірге «Зерделі ой», «Білгенге маржан», «Міне, қызық!» айдарларындағы мәліметтерді де оқуға, балланың білімін де, ой-өрісін де артуға мүмкіндік береді.

«Пікірлесейік», «Себебін анықта», «Тобында талдап көр», «Дәптеріңе жаз», «Түйінде», «Қалай ойлайсың», «Үйде орында» тапсырмалар тобын орындау барысында жаңа тақырыпты жеңілдірек меңгеріледі. Осы ерекшеліктердің арқасында екі-үш жақты қарым-қатынас жүріп отырады.

I.Есенберлиннің «Қаһар» романын мысалға алатын болсақ; «Кенесары орнынан түрегеліп, сәл ерсілі-қарсылы жүрді де, қайтадан ой шумағын тізе берді.

«Хандыққа таласудың екі жолы бар. Оны сан айқастан өткен Кенесары жақсы біледі. Бірі - саған хан билігін әперем деген халықтың артында тұрып басқара білу. Екіншісі - соңынан ерген қолдың алдында жүріп ерлігіңмен өзіңе тартып алу.

Хандыққа жүз бен жүз, ру мен ру таласса, жұрттың арт жағында тұрып елді қырғынға айдап салып, ақыл-айламен, зұлымдық-жауыздықпен мұратқа жетуге болады. Ал Бүгінгі таластай, қалың бұқараның тәуелсіздігін қорғау арманы мен сенін жұрт билігін қолға алам деген көкейкесті тілегін ұштасып жатқанда, соңынан ерген қолдың артында емес, алдына шығу қажет. Сонда ғана саған қара халық сенеді, соныңнан ереді. Бұқара өз басыңның қамы үшін емес, халқың үшін алысып жүргеніңді көзбен көргені жөн. Сөйткен күнде ғана, арманыңа жетесің» деген үзіндіде келер ұрпақты тарих пенен үлкен ұлағатты өсиет сақталған [2, 24]. Бұл өсиет тарих пен билікке тікелей қатысы бар. Бала Кенесары ханның тарихи өмірін елестету арқылы өзіне мақтанышты ата-бабамыздың ұрпағы екенін таныта алады.

11-сыныптың қазақ әдебиетіндегі шығармаларда қазақ халқының мәдениеті айқын көрсетілген. Шығармаларда қолданылған мақал-мәтелдер мен фразеологизмдер және эпитет, теңеулер біздің халқымыздың менталитетінен хабар беріп, қазақтың салты мен дәстүрін, материалдық және рухани мәдениетін тани аламыз. Төмендегі мысалдар осыған дәлел бола алады:

Сәл қызғылт тартқан **қыран көзді**, жуан **балуан мойынды** [2, 18]. Қыран көзді, балуан мойынды – эпитет, алғыр құстардың жалпы атауы [3, 560]. Қыран; 1) жалпы атауы – құс, 2) қыран-«құс» лексемасының перифериялық синонимі, 3) негізгі сема қыран-құс ( қанаты бар, ұшып-қона алады), 4) қосымша сема 1- алғыр, тез биіктіке самғай алады, 5) құс-қыран (дене-бітімі әртүрлі, жүзе алады, жүгре алады немесе ұша алады), 6) қыран+көзді(тез байқайтын, алғыр адамның көзі). Балуан; 1) жалпы атауы – күреспен шұғылданатын адам.

*Ол қазір қалың ойда* [2, 19]. Осы сөйлемдегі қалың ой деген тіркес фразеологиялық тіркес. Қалың – жұқа емес, қабат-қабат, көп, мол, қою, тығыз, жиі [3, 560]. Осы тіркестегі қалың сөзін алатын болсақ, ойдың қалыңдығын емес, істі орындаушы көп ойланып, жие-жие ойлануды меңзейді. Негізгі сема ретінде - көп, мол деген денотат мағына ретінде аламыз, ал қосымша сема ретінде жиі-жиі деген мағынаны аламыз. Қазақ халқының этномәдениетінде қалың сөзі; қалың мал, қалың беру (қалыңдықтың туысқандарына күйеу жағынан берілетін төлем), қалың бұқара (қара халық, көпшілікті), қалтасы қалың ( ақшасы көп), қалың қол (мол сарбаздар) деген тіркестер көп кездеседі. Қалың тіркесі біздің этномаркерленген лексемалар.

*Ол моңғолдармен іргелес Керөлең, Онон өзендерінің бойында кешіп жүрген Керей руының қалайша Шыңғысханның алғашқы жемі болғанын күңірене жыр етті* [2,19]. Осы сөйлемдегі «жемі болған» фразеологизм біздің қазақ қоғамының қор болғаны жайлы нақты айтып тұр.

*Енді Нысанбай жыршы қарағайлы кәрі домбырасын екпіндете ұрып Жағатай мен Жошы ұрпақтары нешеме жүз жыл бойы осы ұшы-қиыры жоқ кең даланы билегенін мақтан етті* деген сөйлемде қазақ халқындағы киелі аспапты жыршы қастерлеп, сыйлайтыны жақсы байқалған [2, 19].

*Нысанбай жыршы сәл дем алып, шежіреге қайта көшкен. Бұл жолы Қасым ханнан соң қазақтар аз уақ тағыз да быж-тыж болып келіп, тек Хақназар кезінде ғана қайтадан бас қосып, іргелі ел болғанын, Тәуекел, Есім, өз Тәуке хандардың тұсында тасы өрге домалаған, сырт дұшпандар шеніне келе алмаған айбынды мемлекетке айналғанын көзі от шаша отырып жырға қосты. Кең-байтақ жерді алып жатқан үш жүзден құралған елдің ауызбірлігі күшті болғанын, үнемі бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып отырғанын дәріптей келе:*

- Аргын болсаң, Алтай бол,  
Найман болсаң, Матай бол,  
Алиын болсаң, Адай бол,  
Бұл үшеуі болмасаң,  
Қайсысы болсаң, сонысы бол,  
Мейлің құдай бол! -

*деп қазақ елінің ең жауынгер руларын шашпауларын көкке көтере бір шырқап, осы бірлестік Тәуке хан өлісімен тағыз бұзылғанын, әр тайпа сұлтандары хандыққа таласып, елдің шырқын кетіргенін айтып берді* [2, 19]. Осы үзіндідегі фразеологизмдердің мән мағынасы жолының болуы немесе бағының ашылуын (*тасы өрге домалаған*), ширақтанып, қатты ниеттеніп, жайланыу(*көзі от шаша отырып*), бірге жұмыс жасап, тату-тәтті болып, бірақсатқа жету үшін

жұмылып іс жасау (*ауызбірлік, бір жағадан бас, бір жеңнен қол шығарып*) деген мағыналарды анықтап тұр [4, 564].

Содан кейін Нысанбай жыршы *қарағайлы кәрі домбырасын(эпитет) еңкілдете жылатып(кейіптеу), іле-шала Қаратау мен Шу, Сарысу мен Сыр бойын жайлаған қалың қазақты қалай Жоңғар ханы Сыбан Раптан шауып, «Ақтабан шұбырынды, Алқакөл сұламаға» ұшырағанын мақам етті* [2,19]. Осы сөйлемдегі қазақ халқымыздың аспабымызды тірілтіп, адам сияқты жылай алатын қабілетті қосып тұр. Осы сөйлемдегі кәрі сөзінің мағынасы жеке алғанда өте кең. Жеке өзін алып қарайтын болсақ, көне, ескі, тозған, көп уақыттан өткен, кәрілік сөздерімен мағыналары жақын келеді. Түсіндірме сөздігінде кәрі сөзінің беретін мағынасы; 1. Көп жасаған, қартайған, қария, қарт. 2. Көне, ескі, атам заманның, ежелгі. 3. Ауысп. Бұрыннан келе жатқан, қалыптасып қалған. • Кәрі жілік — тоқпан жілікпен түйіскен жілік. • Кәрі боз – ысылған, тәжірибелі. Кәрі көз – көпті көрген, кәнігі. Кәрі қойдың жасындай – куні санаулы. Кәрі құлақ – әңгімені көп білетін адам, өткен-кеткеннен хабары мол. Кәрі тарлан – көп нәрсені бастан кешірген, ысылған, тәжірибелі [3, 373]. Қазақтың ұлттық аспабы домбыра біздің лиро эпосымызда мұрағатты орна ие. Домбыра қазақ халқының екі шекті музыкалық аспабы. [3, 206]. Күйшілер мен жыршылар осы музыкалық аспабымен елді шарлап, күнкөрісін көріп, жас келіннің бетін домбыраның ұшымен ашқан болатын.

Осыдан соң Нысанбай жыршы *әр жүздің әйгілі хандары Әбілмәмбет, Барақ, Нұралыларға қысқа-қысқа сөз тастап, үш жүздің басын қосу жолында күрескен, кейін Абылай деген атпен хан болған Әбілмансұрға тоқтаған* [2, 21]. Бас қосу фразеологизмінің лексемалық-перифериялық синонимі ұйымдасу, бірлесу, ынтымақтасу мәнін көрсетеді. Осының арқасында үш жүз деген этномәдени сөзіміздің мағынасы ашайық; біріншіде, үш жүздің құрамында ұлы, орта, кіші жүз кіреді, екіншіден, әр жүзге қатысты территориялық шекара орнатылған. Үшіншіден, бұрынғы заманнан бері әр аумақтың ұлыстық билігі мен рулық ерекшеліктері бар.

Әбілмансұрға келгенде Нысанбай жыршының *екі көзі оттай жайнап, күре тамыры білеудей боп, кең тамағы торғай жұтқан* қурай жыланнның көмейінде ісініп кетті. Домбырасын *бәйге атына шапқандай* сабалай ұрып, жыр шумағын құшақ-құшақ лақтырды. Енді Нысанбай домбырасын лақтыра ойнатып, Абылайдың Қоқанға қарсы шыққанын, Сайрам, Әзірет, Шымкент, Созақ секілді жеті қаласын алып, Ташкентті қалай бағындырғанын, өзіне сес көрсеткен қырғыздың қалың қолдыманатарын Қызылсу, Шәмсі өзендерінің Шуга құятын сағасында кездесіп, «Жәйіл қырғыны» деп аталатын ұрыста қалай жеңгенін айтқанда екі көзі қанталап, *қоянға түскен бүркіттей шаңқылдай серпіп, тіпті долданып кетті*. Әбілмәмбет сұлтанның есігінде жүргеннен бастап, *торғауытқа көрсеткен ерлігі мен ел басқарар ақылдылығы арқасында Орта жүзге хан атағына ие болғанын жыр еткенінде шабар бұрадай тіпті құтырынып алды*. Ақын енді алпысқа келген Абылайды үш жүзден шыққан өңшең қасқа мен жайсаңдарының шешімі бойынша Телікөлдiң жағасында *жұрт ақ киізге көтеріп, Үлкен хан сайлағанын толғағанда төбесі көкке тигендей екі көзі жайнап кетті*.

Осы сөйлемдерде көркемдеуіш құралдардың қолданысы контексте жақсы анықталады. Егер осы мәселелерге толықтай үнілетін болсақ, оқушыларды шығармамен жақын таныстырып, шығарманың тілін талдауға үйретіп, оқушыларды түсіндірме сөздікпен, фразеологиялық сөздікпен жұмыс жасауды үйрете аламыз. Қазақ тілі мен қазақ әдебиетінің байланыстыру арқылы оқушылармен тиянақты жұмыс жасауға мүмкіндік туады. Көркем шығармадағы мысалдарды қолдану арқылы тілді дамыту жұмыстарын жасауға болады. Яғни талдаулар жүргізудің арқасында біз баланың логикалық ойлау қабілетін, есте сақтау қабілетін дамыта аламыз.

#### Пайдаланылған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы. <http://adilet.zan.kz/rus>
2. Актанова А.С., Жундибаева А.К., Нурлыбаева Ж.Н. Қазақ әдебиеті, 11-сынып, ҚГБ 1-бөлімі.
3. Жанұзақов Т. Қазақ тілінің түсіндірме сөздігі. – Алматы: Дайк-Пресс, 2008. – 968 б.
4. Кеңесбаев І. К. Қазақ тілінің фразеологиялық сөздігі. Алматы, Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1977. – 712 б.